



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (97)

Нұр-Сұлтан
2022



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Антропология

Исмагулов О., Исмагулова А. Казахский народ нового Казахстана – прямой наследник насельников с 50-вековой историей на древней предковой казахской земле 4

Археология

Абишева А.А. Балбалы в составе фонда Национального музея РК 12

Этнография

Жайлыбай Д.Ж. XIX-XX ғғ. қазақ халқының неке және отбасылық дәстүрлеріндегі материалдық емес мәдени мұраның көріністері 21
С.Дж. Атдаев. Тигры в историческом прошлом Туркменистана 32
Камунов С.Р. Б. Сарыбаевтың қазақ аспаптарын жаңғыртудағы еңбегі және ҚР Ұлттық музейіндегі коллекциясына берілген сипаттама 51

Филология

Карипбаев Ж. Абай Құнанбайұлы шығармашылығындағы неоклассикалық нәзира дәстүрі 60
Жалмырза А.А. Тіл үйренуде салт сөздерге жүгіну: мақал-мәтелдерді қолданудың кейбір аспектілері 76

Тарих / История

Ақтайлақ Б.Б. Ақмола жеріндегі қуғын-сүргін тарихынан 84

Бейнелеу өнері / Изобразительное искусство

Танымова Е.А. Творчество казахских художников актуального искусства в контексте мирового культурного наследия 92

Музей ісі / Музейное дело

Гиззатов С.М. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі мен Қытай елі арасындағы мәдени байланыстар 101
Елеусізова Қ.Ж. Ақтөбе облысы өлкетану музейлерінің қазіргі этномәдениетке ықпалы .. 110
Сайлау А., Әубәкір Г. Сыр бойындағы батырлар мұрасы 121

Киелі география / Сакральная география

Кошман Т.В. Культурные объекты оседлой культуры как источник эпохи 129
Төлегенұлы Қ., Кукушкин А.И., Букешова Г. Теңіз-Қорғалжың өңірінің жер-су атаулары: XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы архив құжаттары негізінде 139

CONTENTS

Anthropology

Ismagulov O., Ismagulova A. The kazakh people of new Kazakhstan is a direct successor of the residents with a 50-century history on the ancient anethorial kazakh land 4

Archeology

Abisheva A.A. Balbals as part of the fund of the National museum of the Republic of Kazakhstan 12

Ethnography

Zhaylybay D.Zh. XIX-XX centuries manifestations of non-material cultural heritage in kazakh marriage and family traditions 21
S.J. Atdaev. Tigers in the historical past of Turkmenistan 32
Kamunov S.R. B.Sarybayev's contribution to the modernization of kazakh instruments and description of the collection in the National museum of the Republic of Kazakhstan 51

Philology

Karipbaev Zh. Neoclassical nazira tradition in the work of Abay Kunanbayuly 60

Zhalmyrza A.A. Using paremiology in language learning: some aspects of the use of proverbs 76

History

Aktilak B.B. From the history of repressive policy in Akmola 84

Art

Tanymova Y.A. Creativity of kazakh artists of contemporary art in the context of world cultural heritage 92

Museum business

Gizatov S.M. Cultural relations between the National museum of the Republic of Kazakhstan and China . 101

Eleusizova K.Zh. Influence of local history museums of Aktobe region on modern ethnoculture 110

Sailau A., Aubakir G. Heritage of the heroes of Syrdarya 121

Sacred geography

Koshman T.V. Cult objects of settled culture as a source of the epoch 129

Tolegenuly K., Kukushkin A.I., Bukeshova G. Place-names of the Tengiz-Korgalzhyn region: based on archival documents of the end of the 19th and the beginning of the 20th century 139

ӨОК: 801.8

Жалмырза А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: aidynasylbek@hotmail.com

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕ САЛТ СӨЗДЕРГЕ ЖҮГІНУ: МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ KEЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Кез-келген ұлттың мәдениетін оның тілі сияқты көркем сипаттай алатын жаратылыс жоқ. Ұлттың рухани құндылықтары мен наным-сенімдерін жақсы көрсететін тілдік элемент те – мақал-мәтелдер. Мақал – дәстүрлі шындықты немесе пайдалы даналықты білдіретін қысқа сөз. Мақал-мәтелдердің парасатты ойға немесе сан ғасырлық тәжірибеге негізделгені анық. Кез-келген мақал-мәтелде даналық ой болады және олар ұрпақтан-ұрпаққа, негізінен ауызша, кейіннен жазбаша түрде жалғасып келеді. Мақала мақсаты – шет тілін үйренуде мақал-мәтелдерді пайдаланудың артықшылығын айқындау мен тіл үйренушілерге қосымша иллюстрациялық дереккөз ұсыну. Осы мақсатта қазақ тіліндегі қырық мақал-мәтелдің ағылшынша баламалары, аудармалары беріледі. Қазақ паремиялогия бірліктерінің мағынасы ашылып, қолдану мақсаты көрсетіледі. Сонымен қатар алынған мақал-мәтелдердің дыбыстық және мағыналас нұсқалары да ұсынылады.

Түйін сөздер: нақыл сөздер, құт ұғымы, қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер, түсіндірмесі, нұсқалары.

Мақал-мәтел – салт сөзі

Ұлт ғалымы А. Байтұрсынұлының пікіріне жүгінсек, ғалым Сарындама деп топтастырған ауыз әдебиетінің Салт сөзі деп белгілеген тобында мақал-мәтелдер туралы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», – деп, ой

түйген (Байтұрсынов 2003:129-130). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал-мәтелге келесідей анықтама берілген: мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын, әрі қысқа, әрі нұсқа нақыл сөз (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 2008:578), ал мәтел – тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 2008:589). Мақал-мәтелдерге қатысты көптеген анықтамаларды келтіруге болады. Олардың түйіні халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесінен туған, терең мағыналы ойды қысқа сөйлемдермен, сөз тіркестерімен жеткізетін нақыл сөздер дегенге саяды. Халық арасында кең таралып, ұрпақтан-ұрпаққа



ауызша беріліп, көпшілігінің шығу тегі белгісіз болғандықтан мақал-мәтелдер фольклор аясында лирикалық емес шағын жанр ретінде қарастырылады, халық ауыз әдебиетінің дәстүрлі туындысы саналады (Norrick 1985: 30). Олардың бір-бірінен айырмашылығы мақал-мәтелде ой толық айтылса, ал мәтелде ой бейнелі сөздермен тұспалды жеткізіледі.

Арнайы зерттейтін сала болып паремиология ғылымы қалыптасып, мақал-мәтелдерді жинақтаудан бастап, салыстырмалы паремиологияға дейін біраз зерттеулер жүргізілді. Дегенмен отандық ғылымда көбіне мақал-мәтелдерді тақырыптық топтастыру мен тіл білімі мәселелері тұрғысында зерттеулерге ден қойылып келеді. Алайда қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін іздегенде адемик Әбдуәли Қайдардың «Халық даналығы» атты түсіндірме сөздігін (Қайдар 2004:560) ғана көре аламыз. Демек тіліміздің байлығын көрсететін мақал-мәтелдердің толық түсіндірме сөздігін жасау қажеттілігі байқалады.

Қазіргі уақытта мақал-мәтелдерді өлеңдерден, әндерден, жарнамалық роликтерден, фильмдерден, әдебиеттерден және т.б. әртүрлі ақпарат көздерінен кездестіруге болады. Алайда олардың көбінің шығу тарихы тереңнен бастау алса, кейбірі ұлт даналарының нақыл сөздерінен мақал-мәтелдерге айналған. Сөйлеуде мақал-мәтелдерді дұрыс қолдану сөздің өтімді етсе, ал жылдар бойы қалыптасқан дағдыға айналдырғандар шешен сөзді тұлға ретінде құрметтеледі. Бұл туралы дана халқымыз мақал-мәтелмен де жеткізген. Мәселен, «Мақал-мәтел – сөз мәйегі», «Мақалмен сөз өтеді, мақтаумен бөз өтеді», «Мақал – сөздің атасы, уәде – ердің опасы», «Мақал – сөздің меруерті», «Мақал – сөздің мұнарасы» деген секілді мақал туралы көптеп мысалдар келтіруге болады. Бұл келтірілген салт сөздерінен олардың қаншалықты маңызға ие екенін аңғаруға болады. Мысалы, бірінші мәтелдегі мәйек дегеніміз жас малдың ұлтабарын сүтке малып ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы. Демек мақал-мәтел сөздің ұйытқысына баланып тұр, яғни көп сөздің тобықтай түйінін мақалмен жеткізуге болатыны меңзеледі. Мәтелдің «Ердің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал» деген мағыналас нұсқалары да бар. Ал «Мақалмен сөз өтеді, мақтаумен бөз өтеді»

деген мақалдағы мақтадан тоқылған жұқа мата – бөздің мақтаумен бағасы артатыны секілді мақалдатып сөйлеудің құндана түсетіні салыстырыла жеткізіледі. Мақал көп ойдың түйіні болғандықтан, сөзде қолдану – сөйлеушіге ұпай беретінін айшықтайды.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл»

Шет тілін үйрену немесе шетелдіктерге ана тілімізді үйрету жыл өткен сайын маңыздылығы артып келе жатқан үдеріске айналды. Тілді үйренуде лексикалық, грамматикалық, фонетикалық дағдыларды қалыптастыру үшін мақал-мәтелдерді қолдану орынды. Шет тілін меңгеруші сол шет тіліндегі нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді қолдана алса, тіл меңгеру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді, әрі тілін үйренген шетелдіктердің құрметіне ие болады. Сонымен қатар қазіргі ғалымдардың тіл білу талабына сәйкес тапсыратын IELTS секілді тіл меңгеру деңгейінің түрлі сынақ-емтихандарда да сөйлеу дағдысы бойынша жоғары ұпай алуына мүмкіндігі артады. Тіл үйренуде паремиологияға жүгінудің басты артықшылығы – мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні, дидактикалық қызметі және ұлттық бояуы қанық ұғымдарды бейнелі түсіндіру. Яғни білім алуда адамгершілік, тәрбиелілік қасиеттерді де бойға сіңірудің маңыздылығы зор. Сонымен қатар сол ұлтқа тән ұғымдарды түсіне білу үшін ең тиімді тілдік бірліктер саналады. Бұл туралы ойымызды қазақ дүниетанымында ерекше орны бар «ҚҰТ» ұғымы арқылы жеткізіп көрелік. Құт – қазақ дүниетанымында адамзатқа өмірлік қуат, ырыс-береке, байлық, абырой-бедел әкелуші қасиетті ұғым. Сонымен қатар, «құт» тек адамның ғана емес, жануарлардың, төрт түлік малдың, өсімдіктердің киесі деп түсініледі. Құт ұғымы жалпы екі мағынада түсініледі: бірінші – байлық-береке, ырыс-несібе секілді игіліктер; екінші – рух, жан, өмір мағынасында. Құтты мекен, құтты қоныс, құтты ел, құтты қонақ, құтты келін, құтты қадам, құттықтау немесе құты қашты, құты ұшты сияқты сөздер мен тіркестерін екі түрлі мағынада топтастыра аламыз. Мысалы, «Сүйінбайдың тілінен құты қашқан Тезек төре ақынды бір сүріндірмекке Арқадан Түбек ақынды шақыртады» (Жолдасбеков 1986: 88). Бұл

үзіндідегі «құты қашқан» деген сөз, кейіпкердің қорыққандығын, жаны ұшып кете жаздағанын сипаттау мақсатында айтылған.

Белгілі бір ұлттың тілін үйренушілер сол ұлттың әдебиетін, мәдениетін, тарихын және дүниетанымын да үйренетіні білгілі. Бұл тұрғыдан да мақал-мәтелдерге жүгіну – тиімді тәсілдердің бірі. Қазақ ауыз әдебиетінде құт ұғымымен байланысты келесідей мақал-мәтелдерді кездестіре аламыз: Ерте тұрғанның құты артады; Қонақ келді – құт келді; Пейіл болса құт болады, Желін болса сүт болады: Уақыт – құт; Жақсы қатын құт, жаман қатын жұт; Ұлыны ұлы тұтса – құт болар; Құты қашқан құдыққа құласа, үстіне құм құйылар; Бәрі түгел: құт пен бақыт алдаса, Адам бірақ өзін құртып алмаса; Маңдайы құтты – батыр, Таңдайы құтты – шешен; Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады; Қарты бар үйдің құты бар; Көсе бетінен қылтанақ көрсе, қырғанша құты кетеді; Елге ел қосылса – құт, Желге сел қосылса – жұт; Елге ел қайрылса – құт, Елден ел айрылса – жұт; Сиырдың сүті – тілінде, Жігіттің құты – білімде; Жақсының жақсылығын айт, Мейірі тассын, Жаманның жамандығын айт, Құты қашсын; Қонақ күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт; Қонақ келсе құт келер; Жақсы қонақ – құт, береке; Бағалай білмегенге бақ, қуана білмегенге құт қонбайды; Кішіпейілдің – абыройы асар, Тәкаппардың – құты қашар; Еліңнің жұты болма, құты бол! т.б.

Жоғарыда берілген мақал-мәтелдердің кейбірінің мазмұнын ашып, талдап көрелік. «Ерте тұрғанның құты артады». Ерте ұйқыдан оянған адамның құт берекесі артады деген мағынада. Адам баласын ерте тұрып, іске кірісуге тәрбиелеген кезде қолданылады. Нұсқалары: «Ерте тұрғанның ырысы артық»; «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық»; «Ерте тұрып, кеш жат, ұйқың қанады, Ерте тұрған ердің бағы жанады».

«Қонақ келді – құт келді». Үй иесі қонақпен бірге құт-береке кіреді деп бір қуанса, жатып алмай тезірек кеткеніне де бір қуанады деген мағынаны білдіреді. Қонақтың маңызын білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қонақ келді – құт келді»; «Бір қонған қонақ – құт, үш қонған қонақ – жұт».

«Жақсы қонақ – құт, береке». Қыдырып келген қонақтың өзімен бірге несібесі де қоса

келеді деген мағынаны білдіреді. Қонақтың өз несібесімен келетіндігін білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қонақ ырыздығымен келеді»; «Қонақ келсе құт келер».

«Пейіл болса құт болады, Желін болса сүт болады». Құт бақ-береке дегенді білдіретін қазақ дүниетанымындағы қастерлі ұғым. Ниеті жақсы адамдардың және олардың айналысының да бақытты болатыны меңзеледі. Жақсылыққа ризашылық білдіретін жағдайларда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Ақ пейілдің аты озып, тоны тозбайды».

«Уақыт – құт». Құт – түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы қасиетті ұғым. Мақалдың мағынасы: түсіне білгенге уақыт аса қымбат. Мағыналас мақал: «Уақыт алтыннан да қымбат». Жалпы көне түркілер дүниетанымындағы «құт» ұғымы «байлық», «береке», «ырыс» және «жан», «рух» мағынасында түсінілген. Бұл екі мағына да қазақ мақал-мәтелдерінде кездеседі. Бұл жағдай көне түркі дүниетанымының қазақ мақал-мәтелдерімен сабақтастығын білдіреді.

Қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің мағынасы мен нұсқалары

Тіл үйрену тәсілдері жағдайға, сұранысқа, тіпті күнде өзгеріп отыратын тенденцияға байланысты үнемі жаңарып отырады. Соның бірі ретінде – нақыл сөздер арқылы тіл үйрену. Белгілі американдық паремииолог Вольфганг Мейер тілдерді үйренуде нақыл сөздерге жүгінудің ежелден қолданылып келе жатқанын, өйткені мақал-мәтелдер оқытудың негізгі дидактикалық құралдарының бірі екенін айтады (Milder 2003: 29). Ғалымның пікірінше, мақал-мәтелдер бір тілде сөйлейтін адамдардың барлығына ортақ болғандықтан, олар адам болмысына, жалпы әлемге қатысты ортақ білімді жеткізудің тиімді құралы болып табылады. Шетелдіктерге қазақ тілін үйретудің бір тәсілі ретінде мақал-мәтелдерді пайдалануға болады. Ол үшін белгілі бір мақал-мәтелді алып, мағынасын ашу және қандай жағдайда қолданылатынын түсіндіру қажет. Оның шет тіліндегі баламалы нұсқасын немесе мағыналас түрлерін, тіпті тікелей аудармасын ұсынуға болады.



Адасқанның айыбы жоқ, Қайтып үйірін тапқан соң – Confessing a difficult makes half amends for it. Қателікті мойындау – оны жартылай түзеткенмен тең деп аударылады. Адамның барлығы қателік жасауы мүмкін, егер ол қателігін түзесе – айыбы болмайды дегенді білдіреді. Қателік жасаған адамның сол қателігін мойындаған жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Адаспайтын тұяқ, жағылмайтын жақ жоқ».

Аз сөз – алтын, көп сөз – күміс – Speech is silver, but silence is gold. Көп мылжыңдамай, не нәрсені аз сөзбен тоқетерін айтқан жақсы деген мағынаны білдіреді. Аз сөйлеудің дұрыс екендігін білдірген жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Пышақтың өткірі жақсы, Сөздің қысқасы жақсы».

Алма ағашынан алыс түспейді – The apple doesn't fall from the tree. Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қарата айтылатын мақал. Мысалы, баланың бір қылығы немесе ісі әкешесіне ұқсағанда айтылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Ұқсамасаң тумағыр».

Арық айтып, семіз шық – Easier said than done. Қашан да ауызбен айту оңай, ал іспен көрсету, нақты нәтижеге жету ақыл мен күш-жігерді талап етеді. Мақал айтқандарымыздан да артық іс тындыруға насихаттайды. Нұсқалары: «Майда сөйлеп, ірі шық, Ақылдың бірі шық».

Ас – адамның арқауы – Bread is staff of life. Мақал адамның өмір сүруі үшін астың маңыздылығын білдіреді. Нұсқалары: «Ас адамның қуаты, Ат адамның қанаты». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Ас бар жерде ауру турмайды»; «Ас тұрған жерде дерт тұрмайды».

Ауырып, ем іздегенше, Ауырмайтын жол ізде – An apple a day keeps doctor away. Күніне бір алма жесең, емшіден аулақ боласың деп аударылады. Мақал әр адамды өз денсаулығына дұрыс мән беріп, денсаулығын күту мәдениетін қалыптастыруға шақырады.

Бейнет, бейнет түбі – зейнет – Much effort much prosperity. Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды деген дана халқымыз баланы жастайынан еңбекке, бейнетке бауылып отырған. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Еңбек етсең – емерсің».

Бүгін бітер істі ертеңге қалдырма – Never put off till tomorrow what you can do today. Бүгінгісін ертеңге қалдырған ешқандай істі

бітірмейтінін меңзейді. Ертеңге – жұмысты емес, жалқаулықты қалдыр деген мағынада қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қалған іске қар жауар»; «Іскердің сыры көппен тең, Еріншектің сыры күнде ертең».

Білімдіге дүние – жарық, білімсіздің күні – ғаріп. A little learning is dangerous things. Аз үйрену қауіпті іс деп аударылады. Білімді адамның болашағы жарқын, білімсіздің болашағы көмескі деген мағынаны білдіреді. Білімді мен білімсіздің арасындағы айырмашылықты білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Білімдінің сөзі – оң, Білімсіздің сөзі тоң»; «Білімдінің өзі ірі, Білімсіздің сөзі ірі».

Бір кісінікі – мақұл. Екі кісінікі – ақыл – Two heads better one. Бірлесе отырып жасалған іс жеңіл болады деген мағынаны білдіреді. Кез келген істі бірлесе отырып атқару керектігін білдірген жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Бірігіп көтерген жүк жеңіл»; «Көп көтерген жүк жеңіл»; «Келісіп пішкен тон келте болмас».

Дос жылатып айтады – A good medicine tastes bitter. Шипалы дәрі ащы болады деп аударылады. Адамның мықтылығы адал достарымен өлшенеді. Адал дос қателіктеріңді түзеп, жетістіктеріңе тілеулестік танытады. Мақал адал достықты таныту мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Нағыз дос қате жолға түссең, жылатып айтады. Қайғы-қасірет шексең, Жуатып айтады.; Дос бетке айтады.

Екі кемеңіз басын ұстаған суға кетер – If you run after two hares, you will catch neither. Екі істің басын шалған біреуін де (уақытылы) бітіре алмас деген мағынада. Мақсатты бір іске бағыттап, міндетті дұрыстап қоюға шақырған кезде қолданылады. Нұсқалары: «Екі кемеңіз құйрығын ұстаған суға кетер»; «Екі қоян қусаң, біреуін де тұта алмассың».

Еңбегіне қарай өнбері – A tree is known by its fruit. Бұл мәтел өзегінде әрбір жанның еңбегіне қарай нәтиже алатыны меңзеледі. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қылмысына қарай жазасы, Еңбегіне қарай олжасы».

Еңбек етсең емерсің – Little strokes fell great firs. Рақаттанып, байлыққа кенеліп өмір сүру үшін еңбек ету керектігі түсіндіріледі. Еңбек етудің маңыздылығы сөз болған жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей».

Ештен кеш жақсы – Better late than never. Бір істі бастауға кеш болса да, істі аяқтаудың маңыздылығын білдіреді. Мысалы жасына қарамай компьютерді үйрену, мүлдем білмегеннен абзал.

Жақсы сөз – жарым ырыс – A good name is better than riches. Жақсы сөз адамға үлкен қуаныш, зор бақыт сыйлайды, жанын жадыратады деген мағынаны білдіреді. Жақсы сөздің қадірін білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Жақсы лепес – жарым ырыс»; «Жақсы сөз – жан азығы». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Бір жақсы сөз бітірер, Көңілдің бар жарасын».

Жаман хабар тез тарайды – Bad news flies fast/ Bad news travels fast. Жаман хабар, жақсы хабарға қарағанда тез тарайды. Мақал адамдарды жамандықтан бойын алыс ұстауға шақырады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жаман ауру жұққыш, Жаман әдет тұтқыш».

Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды – There is no smoke without fire. Шөптің басы өздігінен қимылдамайтыны сияқты бір нәрсе әсер етпесе екінші нәрсе өздігінен пайда болмайды деген мағынаны білдіреді. Еш нәрсенің де себепсіз болмайтындығын білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды»; «Жел болмай шөп басы қозғалмас»; «Жел болмаса, шөптің басы қозғалмайды».

Жеңіліс – жеңістің анасы – Failure is the mother of success. Жеңілістің өзін бір тәжірибеге балағанда, одан сабақ алудың маңыздылығы зор. Мәтел жеңіліске ұшыраған адамның рухын түсірмеу үшін айтылады.

Жүрген аяққа жөргем ілінеді – Nothing seek nothing find. Жөргем – малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен өріп жасалатын тағам. Мұнда мақсатқа жету үшін адам әрекетке етуі керек. Адам тырысса, әрекетке етсе қолынан бәрі келеді деп түсіндіріледі. Нұсқалары: Жүргенге жөргем ілінеді. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Әрекетке берекет».

Жылтырағанның бәрі алтын емес – All is not gold that glitters. Сырт көрінісі сұлу болғанымен адамның бәрі бірдей адамдық қасиеттерге ие бола бермеуі мүмкін деген мағынаны білдіреді. Адамның, әсіресе әйел затының сыртқы сұлу көрінісіне алданып қалмау керектігін ескерткен жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жаулық кигеннің бәрі қатын емес, Бөрік кигеннің бәрі батыр емес».

Жігіт жолдасымен белгілі – Who keeps company with the wolves will learn to howl. Адамды жанындағы жолдасына қарап тануға болады деген мағынаны білдіреді. Жанындағы жолдасына қарап адамды тануға болатындығын білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Жігіт жолдасынан белгілі, Сарбаз қол басында белгілі». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жігіттің жайын жолдасына қарап жоры. Жолдасына қарап, кісіні білерсің».

Көргенім бір тоғыз, Көрмегенім тоқсан тоғыз – We shall see what we shall see. Адам баласының білмейтіндері өте көп деген мағынаны білдіреді. Білмейтіндерінің көп екендігін білдіргісі келген жағдайда қолданылады. Нұсқалары: «Білгенің бір тоғыз, Білмегенің тоқсан тоғыз»; Мағыналас мақал-мәтелдер: «Көргеніңнен көрмегенің көп».

Қойшы көп болса – қой арам өледі – Many cooks spoil the broth meaning. Көп адам араласқан іс нәтижесіз болады деген мағынаны білдіреді. Көп адам тарапынан атқарылған істің алға баспайтындығын білдіру мақсатында қолданылады.

Лай су басынан тұнады – Good beginning is half done. Жақсы бастама – жұмысты жартылай тәмамдау деп аударылады. Әр істің бастамасының дұрыс болуын аңғартады. Күтілген істің бұрыс басталып, нәтижесіне көңіл толмайтын жағдайларда қолданылады.

Мінсіз адам болмайды – There is no rose without a thorn. Мінсіз адам болмайтындай, кезкелген кісі кейде қателесуі мүмкін екенін аңғартады. Мағыналас мақал-мәтелдер: Сүрінбейтін тұяқ жоқ.

Не берсең соны аларсың, Не ексең соны оларсың – As you have made you bed, so you must lie on it/ You must reap what you have won. Адам еткен еңбегіне қарай нәтижесін көреді дегенді білдіреді. Нұсқалары: «Не берсең соны аласың, Не сепсең соны оларсың»; «Не ексең соны аласың, Жер жылатпайды». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Арпа егіп бидай ормайсың».

Өз үйім өлең төсерім – East or west home is best/ My house is my castle/ There is no place like home. Әркімге өз үйі жайлы, ыстық көрінеді деген мағынаны білдіреді. Әр жанға өз шаңырағының жайлы келетіндігін білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Өз үйің – өлең төсегің». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жақсы да болса – өз үйім, Жаман да болса – өз үйім»; «Өз үйім – кең сарайдай».



боз үйім»; «Бөтен сарайдан өзіңнің қуысың артық»; «Қайран менің өз үйім, Кең сарайдай боз үйім»; «Айхай өз үйім, кең сарайым боз үйім».

Пенденің сұрағаны болмас, Алланың қалағаны болар – *Dont count your chickens before they are hatched*. Өмірде ойлаған, ұмтылған, қалаған нәрселерге жете алмаудың табиға заңдылық екені меңзеледі. Күтілген нәтижеге қатысты жағдайларда қолданылады. Нұсқалары: «Періштенің сұрағаны болмайды, Құдайдың қалағаны болады». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса, сол болады».

Рақаттың түбі – кейіс, Бейнеттің түбі – жеңіс – *Care killed the cat*. Тек рақат өмір сүріп, ертеңін ойламайтындар түбінде өкінетіні, ал еңбек еткендер, бейнет көргендер мақсатына жететіні түсіндіріледі. Нұсқалары: «Рақаттың түбі – кейіс, Бейнеттің түбі – пейіш»; «Рақаттың түбі – кейіс, Бейнеттің түбі – зейнет»; «Рақаттың түбі – кеңіс, Бейнеттің түбі – бейіс»; «Рақаттың түбі – кейіс, Мехнаттың түбі – пейіш»; «Ашу түбі – кейіс, Ақыл түбі – кеніш». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Еңбек қажытпайды, қайғы қажытады».

Сүрінбейтін тұяқ болмайды – *There are spots even on the sun*. Адамзат өмірінде түрлі қателіктер жасайды, алайда содан сабақ алып, қателерін түзеп жатса, оны кінәлауға болмайды дегенге саяды. Нұсқалары: «Жаңылмайтын жақ болмайды, Сүрінбейтін тұяқ болмайды». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Адасқанның айыбы жоқ, Қайтып үйірін тапқан соң»; «Ашылғанның айыбы жоқ – өзі біліп жапса, Адасқанның айыбы жоқ – өз үйірін тапса».

Талғамға талас жоқ – *Tastes differ*. Бір адамның талғамына екінші бір адам таласы болмауы керек деген мағына береді. Талғам жеке адамға ғана тән қалау дегенді білдіру мақсатында қолданылады.

Тез келген бақ тез кетеді – *Easy come easy go*. Кейбір адамдар еңбегі сіңбегенді иемденгісі, біткен іске келіп ие болғысы келеді, не дайын нәрсені ала салғысы келеді. Сол секілді қандай да бір іске, затқа лайықсыз адамдар үшін қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Дайын асқа тік қасық»; «Алма піс, аузыма түс».

Темірді қызған кезде соқ – *Strike while the iron is hot*. Темірді қызған кезде қажетті

қалыбына келтір. Сәті келген істі созбай ыңғайлы кезін пайдаланып істе деген мағына береді. Сәті келген нәрсені уақытында жасаған дұрыс дегенді білдіру мақсатында қолданылады.

Туа білмейді, жүре біледі – *Rome was not built in a day*. Сәби анадан туғанда ештеңе білмей дүниеге келеді, барлығын тек жүре келе, уақыт өте келе үйренеді деген мағына береді. Жаңа кәсіп бастағанда адам бірден үйреніп кете қоймайды, біртіндеп барып үйренеді дегенді білдіру мақсатында қолданылады.

Үмітсіз – шайтан ғана – *Where there is a way there is hope*. Қайда үміт болса жол сонда болар. Үміт сенімнен туындайды. Иман келтірген жан әрқашан келешекке үмітпен қарайды, әрбір қиындықтан шығар жол табады дегенді білдіреді.

Шыдамдылық қуанышқа жеткізер – *Patience is bitter but its fruit is sweet*. Шыдаудың өзі ащы болғанымен, жемісі тәтті деп аударылады. Сабырлылық, салмақтылық бағалы нәтижеге қол жеткізеді деген мағына береді. Сабырлылықтың алтынға бергісіз игілікті іске жетелейтіндігін білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Сабыр түбі – сары алтын, Сабыр етсең – бәрі алтын»; «Сабыр – ақыл серігі».

Шықпаған жаннан үміт – *While there is a life, there is hope*. Үмітпен әрекет еткен адамның діттеген мақсатына жететіні меңзеледі. Кейде кедейшілікпен әупірімдеп жүргендерді түспалдайды. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Шықпа жаным шықпа».

Ықылас пен ынтымақ, Бітер іске болсын тап – *Nothing is impossible to a willing heart*. Шынайы ниет пен береке бітер іске кез-келсін деген мағына береді. Адамның ісі ниеті мен бірлікке байланысты дегенді білдірген жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қиын іс жоқ ғаламда, ықылас қойған адамға».

Істің басы сайлы болса, аяғы майлы болар – *All is well that ends well*. Бір істі бастағанда сол істі бастаушы адамның алдына бірден қатаал талап қойып, қанша қиын болса да келісіп істелген жұмыстың аяғы жемісті болатынын түсіндіреді. Нұсқалары: «Істің басы жайлы болса, Аяғы сайлы болады»; «Істің басы қатты болса, Аяғы аяғы тәтті болады». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Істің бітіміне қара».

Қорытынды

Мақал-мәтелдердің ұлт мәдениетінің көрінісі екені даусыз. Шет тілін үйренуде нақыл сөздерді игеру тіл меңгерудің жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің ұқсас нұсқалары мен мағыналас баламалары болатындай ағылшын тілінде де ұқсас жағдай байқалады және олардың семантикалық мағыналары мен қолдану аясы да салыстыруға келеді. Екі тілде де дыбыстық және мағыналық

нұсқалардың бір немесе бірнеше түрі кездеседі. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні екі тілде де бірдей мәселелерді түсіндіреді. Қазақ тіліндегі кейбір мақалдардың ағылшын тілінде сөзбе-сөз ұқсас нұсқалары кездеседі, бірақ ұлттық бояуы ерекшеленеді. Мақал-мәтел аударылып жатқан тілге балама табу әрқашан мүмкін бола бермейді. Оқыту үрдісінде мақал-мәтелдерге жүгінуде олардың шығу тегіне, мазмұнына, баламасына қарағанда, тіл байлығы мен қолданылу жағдайына мән беру маңызды.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 1986. – 328 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
4. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Толғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
5. Milder W. Wise Words. Essays on the proverbs. – New York: Garland Publishing Inc. 2003. – 329 p.
6. Norrick R.N. How Proverbs Mean: Semantic Studies in English Proverbs. – New York: Mouton, 1985. – p. 546.

References

1. Baitursynov A. Ādebiet tanytqysh: zertteý men óleńder. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b.
2. Joldasbekov M. Asyl arnalar. Almaty, 1986. – 328 b.
3. Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi: 50 myńǵa júyq sóz ben sóz tirkesi. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 967 b.
4. Qaidar Ā. Halyq danalyǵy. – Almaty: «Tolǵanai T» baspasy, 2004. – 560 b.
5. Milder W. Wise Words. Essays on the proverbs. – New York: Garland Publishing Inc. 2003. – p. 329.
6. Norrick R.N. How Proverbs Mean: Semantic Studies in English Proverbs. – New York: Mouton, 1985. – p. 546.

Жалмырза А.А.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: aidynasylbek@hotmail.com

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПАРЕМИОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ ЯЗЫКА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПОСЛОВИЦ

Нетсущества, способного описать культуру любого народа так же художественно, как его язык. Пословицы также являются языковым элементом, отражающим духовные ценности и верования нации. Пословица – это короткое слово, передающее традиционную истину или полезную мудрость. Очевидно, пословицы основаны на здравом смысле или многовековом

опыте. В каждой пословице заключена мудрая мысль, и она передается из поколения в поколение, в основном устно, а затем и письменно. Цель этой статьи – определить преимущества использования пословиц при изучении иностранного языка и предоставить дополнительные иллюстративные ресурсы для изучающих язык. Для этого даны английские



эквиваленты и переводы сорока казахских пословиц. Раскрывается значение казахских паремииологических единиц и указывается цель их употребления. Имеются также звуковые и осмысленные варианты полученных пословиц. Данная статья подготовлена в рамках проекта AP08856427 «Паремииологические источники обновления духовных ценностей: прикладной

аспект изучения турецких пословиц» финансируемого Министерством образования и культуры Республики Казахстан (2020-2022 гг.).

Ключевые слова: пословицы, понятие кут, пословицы на казахском и английском языках, толкования, варианты, изучение иностранного языка.

Zhalmyrza A.A.

L.N. Gumilyev Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: *aidynasylbek@hotmail.com*

USING PAREMIOLOGY IN LANGUAGE LEARNING: SOME ASPECTS OF THE USE OF PROVERBS

There is nothing that can describe the culture of any nation as artistically as its language. Proverbs are also a language element that reflects the spiritual values and beliefs of the nation. A proverb is a short word that conveys traditional truth or useful wisdom. Obviously, proverbs are based on common sense or centuries of experience. Every proverb contains a wise thought, and it is passed down from generation to generation, mainly orally, and then in writing. The purpose of this article is to identify the advantages of using proverbs in learning a foreign language and to provide additional illustrative resources for language learners. For this purpose, English

equivalents and translations of forty Kazakh proverbs are given. The meaning of the Kazakh paremiological units is revealed and the purpose of their use is indicated. There are also sound and meaningful versions of the received proverbs. This article was prepared under the project AP08856427 «Paremiological sources of renewal of spiritual values: the applied aspect of the study of Turkish proverbs» funded by the Ministry of Education and Culture of the Republic of Kazakhstan (2020-2022).

Keywords: Proverbs, the concept of Kut, proverbs in Kazakh and English, explanations, versions, learning a foreign language.

Мақала ҚР БҒМ қаржыландырған (2020-2022 жж.) AP08856427 «Рухани құндылықтарды жаңғыртудың паремииологиялық көздері: түркі мақал-мәтелдерін зерттеудің қолданбалы аспектісі» жобасы бойынша дайындалды.